

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының
_____ облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы»
қоғамдық бірлестігінің
ЖОБАЛЫҚ ЖАРҒЫСЫ**

1 бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының _____ облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы» қоғамдық бірлестігі (ары қарай мәтін бойынша – Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы) _____ облыс (қала) аумағындағы меншік түріне қарамастан әр түрдегі және типтегі білім және ғылым мекемелерінде, білім және ғылымды басқару органдарында жұмыс атқаратын, кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын кәсіподақ мүшелерін ерікті негізде біріктіретен қоғамдық ұйым болып табылады.

Ұйымдық-құқықтық түрі – қоғамдық бірлестік.

Қызмет мерзімі шектеусіз.

Кәсіподақтың басшы органының тұрғылықты мекен-жайы:

1.2. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы өзінің сайланбалы органдары арқылы кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделеріне мемлекеттік билік органдарында, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктері алдында, сот және өзге де органдар мен ұйымдарында өкілеттік етеді және қорғайды, сондай-ақ кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда Қазақстан Республикасының заңдылығымен көзделген барлық құралдарды пайдаланады.

1.3. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің (мәтін бойынша одан ары қарай – Кәсіподақ) мүшелік ұйымы болып табылады, өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары және өзге де құқықтық актілеріне, Кәсіподақ Жарғысына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.4. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы өз қызметінде мемлекеттік билік органдарынан, жұмыс берушілер және олардың бірлестіктерінен, саяси партиялар және өзге де қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз, оларға есеп бермейді және бақылауында болмайды, олармен өзара серіктестік мәселелерін өз бетінше теңқұқылық әріптестік негізінде шешеді.

1.5. Жарғыға сәйкес Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы өзінің ұйымдық құрылымы, конференциялар мен отырыстарды өткізу жиілігі, басшы органдарды жасақтау, жұмыс тәртібін белгілеу, Кәсіподақ Жарғысында көзделген жағдайлардан басқа, сұрақтарды өз бетінше шешеді.

1.6. Кәсіподақ жұмысының жекелеген проблемалары мен бағыттары бойынша кәсіби мүдделерді толыққанды есепке алу мен қызметті үйлестіру үшін Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымдарында комиссиялар мен секциялар құрылуы мүмкін.

1.7. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы заңды тұлға болып табылады, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иемденуге және жүзеге асыруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

1.8. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы өз мүшелерінің және Кәсіподатың мүлкінен бөлек мүлікке иелік етеді және олардың міндеттемелері бойынша жауапкершілік артпайды.

1.9. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының өз балансы, банктерде есеп-шоттары, мөрі, мөртабаны, бланкілері және жарғылық қызметке қажетті басқа да атрибуттары болады.

1.10. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы қала _____ (_____ облыс) аумағында құрылымдық бөлімшелер құқығындағы өз филиалдарын, өкілдіктерін құруға құқылы. Филиалдар мен өкілдіктердің құқықтық мәртебесі, олардың басқарушы органдарының жасақталу тәртібі, қызметтері мен міндеттері Конференцияда бекітілетін филиалдар мен өкілдіктер туралы Ережелермен белгіленеді.

1.11. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы құқықтық мүмкіндікке заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ие болады.

1.12. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы өз қызметінде Кәсіподақтың символикасын пайдаланды.

2. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, ПРИНЦИПТЕРІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Ұйым қызметінің мәні _____ облыс (қала, _____) аумағындағы кәсіптік одақ мүшелерінің мүдделеріне өкілеттік ету және қорғау болып табылады.

2.2. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы қызметінің негізгі принциптері:

2.2.1. ынтамақтастық, кәсіподақ ұйымдарының бірлескен әрекеті мен өзара қолдауы;

2.2.2. кәсіподаққа кіру мен оның қатарынан шығу еріктілігі;

2.2.3. барлық кәсіподақ мүшелерінің тең құқылығы;

2.2.4. кәсіподақтың барлық алқалы органдарының сайланбалығы және олардың кәсіподақ мүшелерінің алдындағы есептілігі;

2.2.5. шешім қабылдауда Кәсіподақ Жарғысының ережелеріне басымдық беру, шешім қабылдағанға дейін аз топтың пікірін ескеру мен құрметтеу, қабылданған шешімдердің барлық кәсіподақ мүшелері мен ұйымдар үшін орындау міндеттілігі;

2.2.6. кәсіподақ ұйымдары мен олардың сайланбалы органдарының жарғылық құзырет аясында шешім қабылдаудағы дербестігі;

2.2.7. жоғары тұрған сайланбалы кәсіподақ органдары шешімдерінің барлық кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ ұйымдары үшін орындау міндеттілігі;

2.2.8. жоғары тұрған кәсіподақ органының төменгі сайланбалы кәсіподақ органдарының конференциялары мен кәсіподақ жиналыстарының осы Жарғыны, Кәсіподақ Жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңдылығын бұза отырып қабылданған шешімдерінің күшін жою немесе тоқтату құқығы;

2.2.9. сайланбалы кәсіподақ органдары жұмысының алқалылығы, кәсіподақ ұйымдары жетекшілерінің Кәсіподақ Жарғысы мен осы Жарғының, сайланбалы органдар қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жеке жауапкершілігі;

2.2.10. барлық кәсіподақ ұйымдары мен олардың сайланбалы органдарының жұмысындағы жариялылық;

2.2.11. кәсіподақ ұйымдарының жарғылық қызмет, статистикалық және қаржылық сұрақтар бойынша өз ұйымы және жоғары тұрған кәсіподақ органдары алдындағы тұрақты есептілігі;

2.2.12. барлық кәсіподақ ұйымдарының қаржылық тәртіпті сақтауы;

2.3. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының негізгі мақсаттары:

2.3.1. кәсіподақ мүшелерінің еңбек жағдайлары мен өмір сүру сапасын арттыру;

2.3.2. Кәсіподақтың мақсаттарын аймақ аумағында жүзеге асыру болып табылады.

2.4. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының негізгі міндеттері:

2.4.1. кәсіподақтың өз мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау мақсатына қол жеткізудегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарының іс әрекетін үйлестіру мен күштерін біріктіру;

2.4.2. кәсіподақ мүшелерінің кәсіби, еңбек және өзге де әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау мен жүзеге асыруға жағдай жасау;

2.4.3. кәсіподақ мүшелерінің мүддесі үшін мемлекеттік биліктің тиісті жергілікті органдарында өкілеттік ету;

2.4.4. кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ету;

2.4.5. сала ұйымдарында әлеуметтік әріптестікті дамыту болып табылады.

2.5. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы:

2.5.1. мемлекеттік билік органдарымен және жұмыс берушілермен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен келіссөздер жүргізеді;

2.5.2. аймақ аумағында кәсіподақ мүшелерінің атынан және олардың тапсыруы бойынша ұжымдық шарттар мен келісімдер жасайды, олардың орындалуына септік етеді;

2.5.3. кәсіподақтардың аумақтық ұйымдарына арқылы аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының әзірленуі мен жүзеге асырылуына қатысады;

2.5.4. кәсіподақтың бастауыш және аумақтық ұйымдарына, кәсіподақ мүшелеріне әдістемелік, кеңесшілік, құқықтық, сондай-ақ материалдық және қайырымдылық көмек көрсетеді.

2.5.5. Еңбек заңдылығының, білім және ғылыми ұйымдарда еңбек қорғау мен қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің сақталуына қоғамдық бақылау жүргізеді;

2.5.6. кәсіподақ мүшелерінің тапсыруы бойынша жеке еңбек дауларын карауда олардың мүдделеріне өкілеттік етеді;

2.5.7. еңбек қатығыстарын ескерту мен алдын-алу, қолданыстағы заңдылыққа сәйкес ұжымдық еңбек дауларын реттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

2.5.8. Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес шаруашылық қызметті жүргізеді;

2.5.9. Қазақстан Республикасының заңдылығы мен Кәсіподақ Жарғысына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

3. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымдары:

3.1.1. өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ, өз өкілеттігі шегінде, мемлекеттік органдармен жұмыс берушілермен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен, өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға;

3.1.2. өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптар беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, аралық сотта, өзге органдарда олардың мүдделерін жақтап әрекет етуге, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге;

3.1.3. мемлекеттік органдарға кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы өтініш жасауға;

3.1.4. мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын актілері бойынша сотқа шағымдануға;

3.1.5. еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуға;

3.1.6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға;

3.1.7. еңбек заңдылығына сәйкес кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

3.1.8. келіссөздер жүргізуге, келісімдер және ұжымдық шарттар жасасуға;

3.1.9. ақша қорларын қалыптастыруға;

3.1.10. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастанудың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыруға;

3.1.11. азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

3.1.12. келісімдер мен ұжымдық шарттарға сәйкес еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өз өкілдері арқылы кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына барып, оны зерделеу мен оңтайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға;

3.1.13. Қазақстан Республикасының заңдылығымен белгіленген тәртіппен ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар ұйымдастыруға және өткізуге;

3.1.14. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнаманы бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3.1.15. баспа қызметімен айналысуға, өз жұмысын баспасөзде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде мекемелерде жария етуге;

3.1.16. меншіктегі мүлікті иемденуге, пайдалануға және иелік етуге;

3.1.17. жарғылық мақсаттарға сәйкес өз мүшелерінің мүддесі үшін өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға;

3.1.18. жоғары тұрған кәсіподақ органдарының салалық келісімді, өзге де келісімдерді әзірлеу мен жасау қызметіне қатысуға және ұсыныс енгізуге;

3.1.19. жоғары тұрған кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін заң шығарушы (өкілетті), атқарушы және сот билігін жүргізуші мемлекеттік органдарда қорғау туралы ұсыныс енгізуге;

3.1.20. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарының қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен білімгерлердің әлеуметтік құқықтарына қатысты заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына ұсыныстар әзірлеу жұмысына қатысуға;

3.1.21. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына бұқаралық акциялар, оның ішінде митингтер, шерулер, демонстрациялар мен пикеттер ұйымдастыру, сондай-ақ Кәсіподақтың облыстық (қалалық) ұйымымен

өткізілетін ұжымдық әрекеттерге Кәсіподақтың қолдауын көрсету туралы ұсыныстармен шығуға;

3.1.22. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарының қарауына ұсыныстар мен құжаттар жобаларын енгізуге, олардың қаралу нәтижелері бойынша ақпарат алуға;

3.1.23. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына кеңестер, көмек пен қолдау алу үшін қайырылуға;

3.1.24. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына өз өкілдерін жолдауға, оларды кері шақыруға және алмастыруға;

3.1.25. кәсіподаққа қабылдауды және Кәсіподақ Жарғысымен көзделген жағдайларда одан шығаруды жүзеге асыруға;

3.1.26. Кәсіподақтың және оның тиісті аумақтық ұйымдарының мүмкіндіктерін кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін оқытуға, қажетті ақпарат алу мен тарату үшін пайдалануға;

3.1.27. кәсіподақ мүшелерін ерекше белгілермен марапаттау туралы ұсыныстар енгізуге;

3.1.28. Кәсіподақтар Федерациясының құрамына кіретін кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерінің алқалы органдарының құрамына, егер олардың жарғыларымен осы жағдай көзделген болса, өз өкілдерін жолдауға **құқылы.**

3.2. Негізгі міндеттер:

3.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Кәсіподақ Жарғысын, осы Жарғыны және жоғары тұрған кәсіподақ органдарының, өз құзыреті аясында, қабылдаған шешімдерін сақтауға;

3.2.2. кәсіподақты ұйымдық нығайту және жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру жұмыстарын жүргізуге;

3.2.3. ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауға;

3.2.4. Кәсіподақтың қызметін қолдауға, Кәсіподақтың ұжымдық әрекеттерді ұйымдастыру мен өткізуіне атсалысуға және ынтамақтастық білдіруге;

3.2.5. Кәсіподақ Жарғысымен белгіленген тәртіп, мерзім мен мөлшерге сәйкес кәсіподақтық мүшелік жарналарды аудару жөніндегі шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

3.2.6. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерінің, кәсіподақ ұйымдарының саны, жоғары тұрған кәсіподақ органдарымен белгіленген өзге де статистикалық мәліметтер мен есептілікті беріп тұруға;

3.2.7. конференция, сайланбалы алқалы органдарының қарауына жоғары тұрған кәсіподақ органдарымен ұсынылған сұрақтарды енгізуге;

3.2.8. Кәсіподаққа нұқсан мен шығын (залал)** келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;

3.2.9. өкілеттік шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

3.2.10. кәсіподақ мүшелерінің заңнамада белгіленген ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар мен өзге де акциялар ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

3.2.11. кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуды дамыту және пәтуаға қол жеткізу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

3.2.12. қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

3.2.13. кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес қызметіне қатысу;

3.2.14. Кәсіподақ Жарғысымен және осы Жарғыда белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша кәсіподақ мүшелеріне қаржының түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беруге **міндетті**.

4. КӘСІПОДАҚТАҒЫ МҮШЕЛІК, МҮШЕЛІККЕ ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОҒАЛТУ, КӘСІПОДАҚТАН ШЫҒУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТЫ

4.1. Кәсіподақтағы мүшелік, мүшелікке ие болу мен оны жоғалту тәртібі мен шарты Кәсіподақ Жарғысымен анықталады.

4.2. Кәсіподақ Жарғысын мойындайтын және кәсіподақтың мүшелік жарнасын төлейтін жеке тұлға Кәсіподақ мүшесі бола алады.

4.2.1. білім және ғылым мекемелерінде еңбек шарты бойынша еңбек міндеттерін жүзеге асыратын қызметкерлер;

4.2.2. кәсіптік және техникалық, жоғарыдан кейінгі, жоғары және жоғарыдан кейінгі кәсіби білім беру ұйымдарында білім алушылар;

4.2.3. бұрын соңды Кәсіподақта мүшелікте болған білім және ғылым жүйесінің бұрынғы қызметкерлері- жұмыс істемейтін зейнеткерлер, зейнетке шыққандар;

4.2.4. еңбек қызметін уақытша тоқтатқан қызметкерлер, еңбек қатынастарын сақтау мерзіміне;

4.2.5. штат немесе қызметкерлер санының қысқаруымен, мекемінің жойылуымен байланысты жұмыссыз қалған қызметкерлер, жұмысқа орналасу кезеңіне, бірақ 6 айдан артық емес мерзімге;

4.2.6. шетелдік немесе бірлескен кәсіпорында, шетелдегі білім беру ұйымында еңбек ету (білім алу) туралы мерзімді келісім жасағандар, келісім мерзімі аяқталғаннан кейін білім және ғылым мекемесіне қайта оралу шарты болған жағдайда **қамтыла алады**.

Осы тармақтың 4,5,6 абзацтарында көрсетілген тұлғалар мүшелік жарна төлеуден босаталады.

4.3. Кәсіподақ мүшесіне қабылдау бастауыш кәсіподақ ұйымына, ал білім және ғылым жүйесінің ұйымында бастауыш кәсіподақ ұйымы болмаған

жағдайда – Кәсіподақтың тиісті аумақтық ұйымына жазбаша түрде берілген жеке өтініш бойынша жүргізіледі.

4.4. Кәсіподаққа қабылдау және Кәсіподақтағы мүшеліктің тоқтатылуы кәсіподақ органының сәйкес сайланбалы органының шешімімен рәсімделеді.

4.5. Кәсіподақ мүшелігі, кәсіподақтық өтіл Кәсіподаққа мүшелікке қабылдау туралы өтініш берілген күннен бастап есептеледі.

4.6. Кәсіподаққа қабылданған қызметкерге немесе білім алушыға сайланбалы кәсіподақ органымен Кәсіподақтағы бірыңғай үлгідегі мүшелік билет беріліп, ол кәсіподақтағы мүшелікті куәландырады және Кәсіподақ мүшесінде сақталады.

4.7. Кәсіподақ мүшесі, ереже бойынша, негізгі жұмыс, оқу орны бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымында есепте тұрады.

Өзге бастауыш кәсіподақ ұйымына есепке алу туралы шешімді Кәсіподақтың сәйкес ұйымының сайланбалы алқалы органы қабылдайды.

4.8. Кәсіподақ билетінде Кәсіподақтың өкілетті органымен белгіленген тәртіппен кәсіподақтық мүшелік жарнаның төленуі туралы белгі қойылуы мүмкін.

4.9. Кәсіподақ мүшелерінің есебі кәсіподақтың тиісті сайланбалы органымен қабылданған Кәсіподақ мүшелерінің есебі туралы ұсыныстарға сәйкес қағаз немесе электронды түрдегі журнал нысанында бастауыш кәсіподақ ұйымында жүргізіледі.

4.10. Кәсіподақ мүшелері санының жалпы есебі Кәсіподақтың сәйкес аумақтық ұйымының сайланбалы органымен жүргізіледі.

4.11. Кәсіподақтағы мүшеліктің тоқтатылуы келесі жағдайларда:

4.11.1. кәсіподақтан ерікті түрде шыққанда;

4.11.2. білім және ғылым жүйесінің ұйымымен еңбек қатынастары тоқтатылғанда, білімгерлер білім беру ұйымын аяқтағанда (шығарылғанда);

4.11.3. зейнетке шығуымен байланысты еңбек қатынастары тоқтатылғанда, егер зейнеткер бастауыш кәсіподақ ұйымында кәсіподақтық есепте қалу туралы ерік білдірмесе;

4.11.4. кәсіподақтан шығарылғанда;

4.11.5. кәсіподақ мүшесінің қазасына байланысты **жүргізіледі.**

4.12. Кәсіподақтан шығу бастауыш кәсіподақ ұйымына берілген жеке өтініш негізінде жүргізіледі.

Кәсіподақтағы мүшелік Кәсіподақтан шығу туралы өтініш берілген күннен бастап тоқтатылады.

4.13. Кәсіподақтағы мүшелікті тоқтатқан немесе кәсіподақтан шығарылған тұлға кәсіподақтық қорғау, ортақ кәсіподақтық меншік пен кәсіподақтық жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айырылады. Кәсіподаққа төленген мүшелік жарналар кері қайтарылмайды, кәсіподақ билеті бастауыш кәсіподақ ұйымына тапсырылады.

4.14. Кәсіподақ мүшелігінен шығарылған тұлға Кәсіподаққа, жалпы негізде, қайта қабылдана алады, бірақ бір жыл мерзімнен бұрын емес.

Кәсіподақтық өтілі бұл жағдайда Кәсіподаққа қайта қабылданған мерзімнен бастап есептеледі.

4.15. Кәсіподақ мүшелігінен шыққан тұлға Кәсіподаққа, жалпы негізде, қайта қабылдана алады. Кәсіподақтық өтілі бұл жағдайда Кәсіподаққа қайта қабылданған мерзімнен бастап есептеледі.

4.16. Кәсіподақ мүшесіне Жарғылық міндеттерді орындамағаны, оның ішінде үш айдан артық емес мерзім мүшелік жарнаны дәлелді себепсіз төлемегені немесе Кәсіподаққа нұқсан келтіретін әрекеттері үшін келесі жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: ұялту, сөгіс, кәсіподақтан шығару туралы ескерту.

4.17. Кәсіподақ Жарғысын, осы Жарғының ережелерін өрескел бұзған, үш айдан артық уақыт мүшелік жарнаны дәлелді себепсіз төлемеген Кәсіподақ мүшесі кәсіподақтан шығарылады.

4.18. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы сұрақ, сайланбалы кәсіподақ органдарымен, Кәсіподақтың жоғары тұрған ұйымының сайланбалы кәсіподақ органымен шешіледі.

4.19. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы шешім оның қатысуымен қабылданады. Егер Кәсіподақ мүшесі өзінің жауапкершілігі туралы сұрақты қарауға қатысуға дәлелді себепсіз бас тартса, жауапкершілік туралы сұрақ оның қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

4.20. Кәсіподақ мүшесіне жаза белгілеу туралы сұрақ, егер ол шешім үшін жиналысқа немесе сайланбалы алқалы кәсіподақ органының отырысына, кворум болған жағдайда, қатысушылардың кемінде екіден үші дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

5. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Кәсіподақ мүшесі:

5.1.1. кәсіподақ тарапынан өзінің әлеуметтік-еңбек, кәсіби құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына;

5.1.2. кәсіподақ ұйымдарымен жасалған ұжымдық шарттар мен келісімдердің нәтижесінде қызметкерлер үшін көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалануға;

5.1.3. кәсіподақ ұйымдарының қызметіне атсалысуға;

5.1.4. кәсіподақ органдарының қызметі туралы ақпарат алуға, шешімдерді әзірлеу, талқылау және қабылдауға қатысуға;

5.1.5. сайланбалы кәсіподақ органдарына, кәсіподақ жиналыстары мен съездеріне делегат сайлауға және сайлануға;

5.1.6. өз мүдделеріне қатысты сұрақтар талқыланатын сайланбалы кәсіподақ органының отырыстарына қатысуға;

5.1.7. кәсіподақ қызметіне қатысты сұрақтар бойынша тегін кеңестер мен құқықтық көмек алуға;

5.1.8. жеке өтініші негізінде кәсіподақтан ерікті түрде шығуға **құқылы**.

5.2. Кәсіподақ қызметіне белсенді араласқаны және атсалысқаны үшін кәсіподақ мүшелері келесі ынталандыру (көтермелеу) түрлеріне ие бола алады:

5.2.1. алғыс жариялау;

5.2.2. сыйақы беру;

5.2.3. бағалы сыйлық алу;

5.2.4. кәсіподақтағы ерекше белгілермен және Құрмет грамоталарымен марапатталу;

5.2.5. өзге де ынталандыру шаралары.

5.3. Кәсіподақ мүшелері белгіленген тәртіппен Құрмет грамоталарымен, кәсіподақ бірлестіктерінің (қауымдастықтары) ерекше белгілерімен және мемлекеттік наградалармен, құрметті атақтармен марапатталуға ұсыныла алады.

5.4. Кәсіподақ мүшесі:

5.4.1. Кәсіподақ Жарғысын, осы Жарғыны орындауға, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмысына қатысуға;

5.4.2. негізгі жұмыс, оқу орны бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымында есепте тұруға;

5.4.3. мезгілінде, белгіленген мөлшерде мүшелік жарналарды төлеп тұруға;

5.4.4. ұжымдық шарттармен, келісімдермен көзделген міндеттемелерді орындауға;

5.4.5. кәсіподақтың беделі мен мәртебесінің артуына ықпал етуге, кәсіподаққа нұқсан келтіретін және осы Жарғыға қайшы келетін әрекеттерге жол бермеуге **міндетті**.

5.5. Кәсіподақ мүшесі бір мезгілде өзге кәсіподақтарда мүшелікте бола алмайды.

6. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

6.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының құрамына білім және ғылым мекемелері қызметкерлерінің, кәсіби білім беру ұйымдарының бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді.

6.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымдары сәйкес сайланбалы органдарды жасақтайтын (сайлайтын) аумақтық аудандық (қалалық) ұйымдарға бірігеді.

6.3. Кәсіподақтың бастауыш және аумақтық ұйымдары, олардың сайланбалы органдары осы Жарғыға, Кәсіподақ Жарғысына сәйкес және Бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы Ереже, Аумақтық ұйым туралы Ереже негізінде әрекет етеді.

6.4. Бастауыш кәсіподақ ұйымдары Облыстық (қалалық, аумақтық) кәсіподақ ұйымының ішкі құрылымы болып табылады және әділет органдарында мемлекеттік тркеуге жатпайды.

6.4. Кәсіподақтың аудандық, облыстық бағыныстағы қалалық аумақтық ұйымдары Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы – заңды тұлғаның филиалы мәртебесінде құрылады және мемлекеттік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғаның филиалы мәртебесінде жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру мекемелерінің бастауыш кәсіподақ ұйымдары құрыла алады.

7. БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ

7.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымын құру, оның негізгі құқықтары мен міндеттері, мүліктік қатынастары Кәсіподақтың Салалық Кеңесімен бекітілетін «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің Бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы Ережемен айқындалады.

7.2. Қажетті жағдайда кәсіподақтың сәйкес аумақтық ұйымының сайланбалы алқалы кәсіподақ органының шешімі бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымына білім және ғылым жүйесінің бірнеше мекемелерінде жұмыс атқаратын кәсіподақ мүшелері біріге алады.

8. АУМАҚТЫҚ (АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ) ҰЙЫМДАР

8.1. Кәсіподақтың аумақтық (аудандық, қалалық) ұйымдарының құрылуы

8.1.1. Кәсіподақтың аумақтық (аудандық, қалалық) ұйымы Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы Конференциясының шешімімен филиал (өкілдік) мәртебесінде құрылады және оның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

8.1.2. Филиал (өкілдік) мәртебесінде құрылған аудандық, қалалық ұйымдар міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Филиал туралы Ереже Облыстық (қалалық, аумақтық) кәсіподақ ұйымының Конференциясымен, Кәсіподақтың Салалық Кеңесі бекіткен Үлгілік Ереже негізінде бекітіледі.

9. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

9.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының басшы органы Конференция болып табылады.

9.2. Конференция:

9.2.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының негізгі қызметінің бағыттарын айқындайды, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғаудың маңызды сұрақтарын қарайды;

9.2.2. Кәсіподақтың Облыстық (қалалық, аумақтық) Комитетінің және Бақылау-тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерін тыңдайды;

9.2.3. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының Жарғысын, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді;

9.2.4. филиалдар (өкілдіктер) ашу туралы шешім қабылдайды, олар туралы ережелерді бекітеді;

9.3. Конференция:

9.3.1. Комитет төрағасын, мүшелерін сайлайды (өкілеттігін растайды);

9.3.2. Бақылау-тексеру комиссиясын;

9.3.3. Кәсіподақ Съездеріне делегаттар сайлайды.

9.5. Конференция Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) Комитетінің, оның Атқару комитетінің ұсынысы немесе Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымына кіретін бастауыш ұйымдардың үштен екісінің астамы ұсыныс берсе шақырылады. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының Конференциясын шақыру туралы шешім бір айдан кеш емес мерзім бұрын хабарланады.

Конференция шешімі егер ол үшін дауыс беруге қатысқан делегаттардың жартысынан астамы, ал, Кәсіподақ Жарғысымен көзделген жағдайларда – Конференция делегаттарының нақты 2/3 астамы жақтап дауыс берсе қабылданды деп есептеледі. ***

Дауыс беруді тәртібі мен нысанын (ашық, құпия (жабық)) Конференция анықтайды.

9.6. Конференция кемінде бес жылда бір рет шақырылады.

9.7. Конференция делегаттары Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) Комитетімен белгіленген тәртіппен сайланады.

9.8. Конференция аралығындағы өкілеттік басқару органы болып Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) **Комитеті** есептеледі.

Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) Комитеті заңды тұлғаның құқықтарын Облыстық (қалалық, аумақтық) кәсіподақ ұйымының атынан жүзеге асырады.

9.9. Облыстық (қалалық, аумақтық) Комитет өз отырыстарын, қажетіне қарай, бірақ бірі жылда кемінде 1 рет шақырылатын, Пленум нысанында өткізеді.

9.10. Облыстық (қалалық, аумақтық) Комитет:

9.10.1. Кәсіподақ съездері, конференциялар, пленумдар шешімдерінің, Кәсіподақ Жарғысының, осы Жарғының, кәсіподақтың басқару органдарының қаулыларының орындалуын ұйымдастырады;

9.10.2. Мемлекеттік биліктің орталық органдарында кәсіподақ мүшелерінің, Кәсіподақ Жарғысымен және осы Жарғымен белгіленген мақсаттарына сәйкес, құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік етеді.

9.10.3. білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіби, еңбек және өзге де азаматтық әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделеріне қатысты сұрақтар бойынша аймақтағы өкілетті, атқарушы билік органдарына ұсыныстар енгізеді;

9.10.5. еңбек заңдылығының, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігі туралы заңдылықтың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

9.10.6. бастауыш және аумақтық (аудандық, қалалық) кәсіподақ ұйымдарына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетеді, олардың озық тәжірибелерін жинақтайды және насихаттап таратады.

9.10.7. Комитеттің кіріс және шығыс сметасын бекітеді.

9.10.8. өз ұйымдарын құру туралы шешімдер қабылдайды және олардың қызметі туралы есептерін тыңдайды;

9.10.9. Конференция шақырады;

9.10.10. әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісімдердің талаптары мен шарттарының, төменгі тұрған кәсіподақ органдарымен қабылданған шешімдердің орындалуына мониторинг (сараптама, талдау) жүргізеді;

9.10.11. Атқару комитетінің жұмысы ақпаратты тыңдайды;

9.10.12. Төрағаның ұсынысы бойынша төраға орынбасарын сайлайды;

9.10.13. Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің құрамына өкілдер сайлайды;

9.11.14. конференциялар аралығында Төрағаның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдайды.

9.11.15. Кәсіподақтың облыстық (қалалық) ұйымының Пленумдар аралығындағы қызметін ұйымдастыру үшін алқалы атқарушы орган – **Атқару комитетін** сайлайды.

9.12. Атқару комитеті:

9.12.1. Облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымның аясында қызметтік әртүрлі бағыттары бойынша кәсіподақ мүшелерінің кәсіби және өзге де мүдделеріне өкілеттік ету мен қорғау үшін комиссиялар, секциялар мен өзге құрылымдар құру (жасақтау) туралы шешім қабылдайды;

9.12.2. келісімдер жасау мақсатымен жұмыс берушілермен ұжымдық келіссөздер жүргізу туралы шешім қабылдап, кәсіподақтың келіссөздердегі негізгі талаптарын айқындайды;

9.12.3. Кәсіподақ съездерінің, конференциялар, пленумдар шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, бастауыш және аумақтық кәсіподақ ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

9.12.4. шаруашылық және қаржылық қызметті ұйымдастырады, Комитетпен белгіленген тәртіппен және бекітілген сметаға сәйкес Комитет балансындағы мүлікке және қаржы-қаражаттарға иелік етеді;

9.12.5. Комитет Пленумдарын өткізу күні мен күн тәртібін белгілейді;

9.12.6. кәсіподақ мүшелерін оқытуды ұйымдастырады;

9.12.7. Комитет пен филиалдар (өкілдіктер) аппаратының құрылымы мен штатын белгілейді, штаттық кестені бекітеді;

9.13. Атқару комитетінің шешімі, егер ол үшін Атқару комитеті мүшелерінің жартысынан астамы, отырысқа барлық мүшелердің жартысынан астамы қатысқан жағдайда, жақтап дауыс берсе қабылданды деп есептеледі.

9.14. Атқару комитетінің кезекті отырысының мерзімі, өтетін орны мен күн тәртібі туралы шешімді, Атқару комитеті мүшелерінің пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, Төраға қабылдайды.

9.15. Төраға:

9.15.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымын мемлекеттік және өзге құрылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында танытады, қажетті жағдайда Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының атынан өтініштер білдіріп, үндеулер мен сұраныстар жолдайды;

9.15.2. Комитеттің немесе оның Атқару комитетінің тапсыруы бойынша кәсіподақ білестіктерімен, атқарушы билік органдарымен және өзге де ұйымдармен келісімдер жасайды.

9.15.3. Конференция, Комитет немесе Атқару комитетімен берілген құзырет шегінде өз қызметін жүзеге асырады.

9.15.4. Кәсіподақтың аумақтық ұйымының аппаратын жасақтайды және оған жетекшілік етеді, Қазақстан Республикасының еңбек заңдылығына сәйкес аппарат пен филиалдар (өкілдіктер) қызметкерлерімен еңбек шартын жасайды және бұзады;

9.15.5. Атқару комитетімен белгіленген құзыретке сай және ұйымның кіріс және шығыс сметасаның шегінде Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының мүліктері мен қаржы- қаражатына иелік етеді;

9.15.6. төраға орынбасарының міндетін белгілейді, онымен өкілеттік мерзімге еңбек шартын жасайды және оған бірқатар құзыреттерді жүктейді;

9.15.7. Комитет, филиалдар (өкілдіктер) аппараты қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9.15.8. Комитет және Атқару комитетімен берілген өзге де қызметтерді орындайды.

9.16. Төраға, Төраға орынбасарлары Комитет пен Атқару комитетінің құрамына кіреді, Төраға Комитет пен Атқару комитетінің отырыстарына төрағалық етеді.

9.17. Төраға мен оның орынбасарлары лауазымдары бойынша Конференция делегаты болып табылады.

10. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАРЖЫСЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ, МҮЛІКТЕРДІ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҚТАРЫ

10.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы қаржылық дербестікке ие, өзінің балансында жеке мүлкі, банктерде есепшоты, мөрі, мөртабаны, реквизиттері болады.

10.2. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы шаруашылық қызметпен айналысуға құқылы: кәсіпорындар құру, иелігіндегі мүлкті жалға беру; бос қаржы-қаражаттарын банктерге орналастыру; Қазақстан Республикасының заңдылығына қайшы келмейтін және жарғылық мақсат-міндеттерге сәйкес өзге де қызметтермен айналысуға құқылы.

10.3. Кәсіпкерліктен және өзге қызметтен түскен қаржы мен кірістер Кәсіподақ Жарғысымен, осы Жарғымен белгіленген мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталады. Алынған қаржы мен кірістер кәсіподақ мүшелерінің арасында қайта бөлуге жатпайды.

10.4. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының мүлігі:

10.4.1. кәсіподақтық мүшелік жарналардан;

10.4.2. ерікті қайырымдылық салымдар мен жарналардан;

10.4.3. Қазақстан Республикасының заңдылығымен тыйым салынбаған түсімдерден құралады.

10.5. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының меншігінде ғимараттар, құрал-жабдықтар, жер телімдері, көлік және жарғылық қызметті қамтамасыз етуге қажетті өзге де мүліктер болуы мүмкін.

11. КӘСІПОДАҚТЫҚ МҮШЕЛІК ЖАРНАНЫ ТӨЛЕУ МЕН ОНЫ ҮЛЕСТІРУ ТӘРТІБІ. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІН ҚАРЖЫНЫҢ ТҮСУІ МЕН ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

11.1. Кәсіподақ мүшесінің ай сайынғы ең төменгі мүшелік жарна мөлшері қызметкерге бір айға есептелген барлық түрдегі еңбек ақысының 1 пайызы, білімгерлерге тағайындалған шәкіртақының 1 пайызы, жұмыс істемейтін зейнеткердің зейнетақысының 0.5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

11.2. Барлық кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтық мүшелік жарналарды қолма-қол емес нысанда (аударым арқылы) төлеу жүргізіледі.

Мүшелік жарналарды қолма-қол төлеу тек жарнаны дәлелді себептерге байланысты аудару мүмкін болмаған жағдайда ғана пайдаланылады.

11.3. Кәсіподақтың бастауыш ұйымында жиналған кәсіподақтық мүшелік жарналар, толық көлемде, банкте ағымдағы және есепшоттары бар жоғары тұрған ұйымының (аудандық, қалалық комитеттер) есепшотына аударылады. Облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымдар құрылымдарындағы мүшелік жарнаның үлестірілу мөлшері туралы шешімді Комитет қабылдайды. Кәсіподақтың Салалық Кеңесіне аударылатын мүшелік жарналардың мөлшері Кәсіподақ Съезімен белгіленіп, оның Жарғысында бекітіледі.

11.4. Уәкілетті кәсіподақ органдары жыл сайын кезекті жылдың наурыз айынан кешіктірмей тиісті ұйымдардың мүшелерін кәсіподақ активінің жиналыстарында түскен мүшелік жарналар мен олардың жұмсалуды туралы хабарландырып отырады.

12. КӘСІПОДАҚТАҒЫ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫ

12.1. Кәсіподақта біртұтас бақылау-тексеру қызметі жұмыс атқарады. Кәсіподақтағы Бақылау-тексеру органдарына:

Кәсіподақтың Бақылау-Тексеру Комиссиясы; Кәсіподақтың аумақтық ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы; бастауыш кәсіподақ ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы жатады.

12.2. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының Бақылау-Тексеру комиссиясы – Конференцияда Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы Комитетінің өкілеттік мерзіміне сайланатын дербес

бақылаушы орган болып табылады. Бақылау-тексеру комиссиясының сандық құрамы Конференциямен анықталады.

12.3. Өз қызметінде бақылау-тексеру комиссиясы Конференцияға есепті және Кәсіподақ Жарғысын, осы Жарғыны, Кәсіподақтың Салалық Кеңесі бекіткен Бақылау-тексеру органдары туралы Ережені басшылыққа алады.

12.4. Бақылау-тексеру комиссиялары кәсіподақтық мүшелік жарналардың дұрыс төленуіне, кәсіподақ бюджетінің орындалуына, кәсіподақ жарналарының Облыстық кәсіподақ ұйымының, жоғары тұрған органның есепшоттарына толық аударылуына, қаржы және материалдық құрал-жабдықтардың тиімді пайдаланылуына, кәсіподақ мүшелеріне берілген материалдық көмектің жеделдігі мен дұрыстығына, қаржылық қызметті есепке алу талаптарының сақталуына бақылау жүргізеді.

12.5. Бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың облыстық ұйымының қаржылық қызметін бір жылда кемінде бір рет, қажетті жағдайда Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы төрағасының тапсыруы бойынша Облыстық (қалалық, аумақтық) ұйым құрамына кіретін кез-келген құрылымның қаржылық қызметін тексеріп отырады.

12.6. Бақылау-тексеру комиссиясы мен Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) Комитеті арасында туындайтын келіспеушіліктер конференцияда шешіледі.

12.7. Бақылау-тексеру комиссияларының қаржылық қызметі кәсіподақтың Комитетімен бекітілетін сметаға сәйкес жүргізіледі.

13. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу құқығы:

13.1.1. кәсіподақ мүшелеріне;

13.1.2. бастауыш кәсіподақ ұйымдарына;

13.1.3. кәсіподақтың сайланбалы органдарына беріледі.

13.2. Осы Жарғы тек Конференциямен, жаңа Жарғының жобасы кәсіподақ ұйымдарының талқылауына Конференция ашылғанға дейін екі айдан кеш емес мерзімде және оның күн тәртібінде көзделген жағдайда ғана, өзгертіледі.

13.3. Жарғыға Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы қызметінің негізгі әрі басты принциптеріне қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізу Конференция қарауына бастауыш кәсіподақ ұйымдарында алдын-ала талқылаудан өтіп, кәсіподақ мүшелерінің кемінде үштен бірінің жазбаша талабы алынған күннен бастап төрт айдан кешіктірілмей жіберіледі.

13.4. Жарғының негізін өзгертуге байланысты шешімге Конференция делегаттарының кемінде үштен екісі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Басқа жағдайларда шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

13.5. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар заңдылықпен белгіленген тәртіппен тіркеуден өтеді.

13.6. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы сұрақты қарау күні мен уақыты алдын-ала, өткізу күнінен 15 күн кешіктірмей, Кәсіподақтың Салалық Кеңесіне хабарланады.

13.7. Енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Кәсіподақ Жарғысының ережелері мен талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

14. КӘСІПОДАҚТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ, АУМАҚТЫҚ) ҰЙЫМЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ, ТАРАТЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА МҮЛІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

14.1. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымының қызметі Конференцияның шешімі немесе заңдылықпен белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

14.2. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы қолданыстағы заңдылыққа сәйкес қайта құрылуы мүмкін.

14.3. Конференцияның қайта құру немесе тарату туралы шешімі, кворум болған жағдайда, егер ол үшін Конференцияға сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

14.4. Кәсіподақтың облыстық (қалалық, аумақтық) ұйымы таратылған жағдайда, қарыз берушілердің (кредитор) талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, қалған мүлік құқық иеленушіге, ал ол болмаған жағдайда Кәсіподаққа өтеді және осы Жарғымен белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға пайдаланылады.

ПРИМЕРНЫЙ УСТАВ
Общественного объединения «_____ областная (городская, территориальная) организация Казахстанского отраслевого профессионального союза работников просвещения, науки и высшего образования»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Общественное объединение «_____ областная (городская, территориальная) организация _____ Казахстанского отраслевого профессионального союза работников просвещения, науки и высшего образования» (далее - Областная (городская, территориальная) организация профсоюза) является общественной организацией, объединяющей на добровольной основе членов профсоюза, работающих в организациях образования и науки различных типов и видов, органах управления образования и науки, обучающихся в организациях профессионального образования, независимо от форм собственности, на территории _____ области (города).

Организационно-правовая форма – общественное объединение.

Срок действия не ограничен.

Местонахождение постоянно действующего руководящего органа:

1.2. Областная (городская, территориальная) организация профсоюза через свои выборные органы представляет и защищает законные права и интересы членов профсоюза в органах государственной власти, перед работодателями и их объединениями, в судебных органах и иных органах и организациях, используя для защиты прав и интересов членов профсоюза все предусмотренные законодательством Республики Казахстан средства.

1.3. Областная (городская, территориальная) организация профсоюза является членской организацией ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников просвещения, науки и высшего образования» (Далее – Профсоюз), действует в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законами и иными правовыми актами Республики Казахстан, Уставом Профсоюза и настоящим Уставом.

1.4. Областная (городская, территориальная) организация профсоюза в своей деятельности независима от органов государственной власти, объединений работодателей, политических партий и других общественных организаций, им неподотчетна и неподконтрольна, самостоятельно решает вопросы сотрудничества с ними на основе равноправного партнерства

1.5. В соответствии с Уставом Профсоюза Областная (городская, территориальная) организация профсоюза самостоятельно решает вопросы своей организационной структуры, периодичности проведения конференций

и заседаний, формирования руководящих органов, регламента работы, кроме случаев, оговоренных в Уставе Профсоюза.

1.6. Для более полного учета профессиональных интересов и координации деятельности по отдельным проблемам и направлениям профсоюзной работы в Областной (городской, территориальной) организации профсоюза могут создаваться комиссии и секции.

